

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

**ҒАЛАМТОРДАҒЫ ТҮЛҒАНЫ ТІЛДІК КЕМСІТУ: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ****Рзалиева Раузана Жеңісбекқызы**[Serdalievag8080@gmail.com](mailto:Serdalievag8080@gmail.com)

«Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – профессор Б.С. Абдуова

Қазақ халқы сөз құдыретін терең түсінген, оның тура мағынасы мен астарына аса қатты мән берген. Қаншама жылдар бойы ақыл, ар, дана ойларының жемісіндей боп саф алтындай мақал-мәтелдері, қанатты сөздері мен қымбат тұжырымдары қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. «Таяқ етген өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады», «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген секілді ұлағатты ойларымен жастарды тәрбиелей білген. Сөздің алғысты жеткізетін кереметі қандай болса, қорлау мен қарғысты да жеткізетін түрлері мол болған. Бірақ «жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деп тілге тиек, бей-берекет ойға тоқтам сала білген. «Төбенді көрмегір», «жүрген жеріңе шөп шықпағыр», «құтың қашқыр» деген зілді-зілсіз сөздері өкінішке орай, қазіргі заманда жастар аузында жүрген не бір ауыр сөздердің қасында «жіп есе алмай қалады». Себебі қазір әлем күрт өзгерді. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, біз біртұтас қазақ халқы болсақ та, ұрпақ басқа, сана басқа, мүдде басқа заманға келдік.

Ғаламтор жаңа технологиялардың дамуын арттырды, әлеуметтік желілердің түрлерін ұлғайтты. Оларды пайдаланушылар күн өткен сайын жылдам артып келеді. Қазіргі кезде көп қолданысқа ие болған әлеуметтік желілерде жастардың үлесі басым. Олардың арасында ғаламторда агрессивті мінез-құлықты танытатындары да көп. Бұл жағдай түрлі зерттеуші-ғалымдардың назарын аудартады. Альберт Бандураның зерттеулері бойынша бұқаралық ақпараттар құралдарының дамуы нәтижесінде, ғаламтордың адам өміріне тигізер әсерінен, адам үйден шықпай-ақ агрессивті мінез-құлықты иеленеді делінген. Бұл сөздермен келіспеуге болмас, себебі ғаламтордағы түрлі ақпарат, адам санасын психологиялық тұрғыда өзгертеді. Алайда, бұл ойларға қарсы болған Р.Лоубер мен Д.Хэй адамдардың мінезінде байқалатын агрессия жас аралық нормаға сай және ғаламторға еш қатысы жоқ деп айтқан [1]. Осыдан келе әлеуметтік желілердегі адамдардың, соның ішінде жастардың тілдік агрессияға ұшырауы, агрессивті әрекеттерді тек виртуалды әлемде ғана емес, шынайы өмірде де қолданыла бастауы осы тақырыптың өзектілігін танытады.

Тіл дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасының, оның дүниетанымындағы, ойлау жүйесіндегі ақпараттарды сақтау, сыртқа шығарудың әлеуметтік құралы. Тілдік агрессия – бұл «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдіруі» [2]. Тілдік агрессияның екі түрі ажыратылады. Бір жағынан тілдік агрессия жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді білдіруге қызмет етеді. Тілдік агрессияға түрткі болатын көңіл-күй сезімдеріне *ыза, шаптығу, өкпе, көңіл толмаушылық, жеккөрушілік, айыптау, жақтырмаушылық* т.б. жатқызылады. Тілдік агрессия негізінен айрықша ниет – адресанттың (сөйлеуші / жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мүдделерін (өзін таныту, өзін өзі қорғау) қайсыбір «тыйым салынған» тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін [2].

Әлемдік статистикаға жүгінетін болсақ, ғаламторды пайдаланушылардың 60% агрессияға мән бермей, жауап қайтармайды. Ал қалған 40% белгілі бір шараны қолдануды дұрыс көреді [3].

Алысқа бармай-ақ, өз мемлекетіміздегі ғаламтордың тілдік агрессия сипаттамасына тоқталсақ, 10 адамның 6-уы агрессивті мінезді өз бастарынан өткерген. Яғни, еліміздегі ғаламтор тұтынушыларының 60% осы проблемамен қақтығысса, қалған 40% мән бермеуге тырысқан.

Тілдік агрессия ғаламторда және шынайы өмірде әртүрлі көрініс табады. Ол көбінесе белгілі бір фактордың болу немесе болмауымен түсіндіріледі. Ғаламторда адам өзге біреуге өзінің ойын ашық түрде ымдап, дауысын көтеріп жеткізе алмайды. Яғни, сол адаммен бетпе-бет байланыс орнатпайды. Алайда, қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ымдап сөйлеудің орнына, өз эмоцияларын көрсету үшін смайликтер көп қолданылуда. Ал, тапқыр тұтынушылар бас әріптерді қолдану арқылы «айқайлау» әсерін тудырады. Бетпе-бет байланыс орнатпағандықтан, адамның сөзін шынайы өмірде қабылдау қиынға соғады. Себебі, бетпе-бет байланыс – бұл психологиялық дозиметр, осы арқылы адамның реакциясын, қандай ақпаратты қабылдай алатыны, ал қандай ақпаратты мүлдем қабылдай алмайтыны жайлы айта аламыз. Сонымен қатар, бетпе-бет байланыс өзге адамға агрессивті мінез-құлықты көрсетудің стоп-факторы екені анық. Ж.Қ. Ибраеваның айтуы бойынша агрессивтілікті танытпаудың басты алғышарты адамның бейнесін көріп, оның эмоцияларын бақылау деген [2].

«Анонимділік» адамға шынайы өмірде істеуге болмайтын іс-әрекеттерді жасауға, тілдесуді өзіне ыңғайы келген уақытта доғаруға тұтастай еркіндік береді. Шынайы өмірде көшеде келе жатып, өзге біреумен агрессиялық жағдайға ұшырап, сөзге келісіп қалған сәтте, тез арада көзден ғайып болу мүмкіндігі жоқ қой. Ал виртуалды әлем бізге мұндай мүмкіндікті беруде. Ғаламтор беттерінен алынған деректерге назар аударайық:



Ерқанат Көпжасарұлы

5 дн. · 🌐

Осы жақында Оңтүстік Кореяның танымал актрисасы өз-өзіне қол салып опат болды. Ким Сэ-Ронның жасы бар-жоғы 24-те еді. Марқұм буллинг қысымына шыдамаған. Ал бәрі осыдан тура үш жыл бұрын басталды. Атағы жер жарып тұрған актриса мас күйінде көлік апатына түседі. Тәртіп бұзғаны үшін Сэ-Рон 20 мыңға жуық доллар айыппұлын төлейді. Жазасын арқалайды. Бірақ аяусыз талап жейтін, кезекті құрбанын күтіп отырған қоғам Сэ-Ронның тас-талқанын шығарады. Телеарна, газет, блогерлер мен желі қолданушылары қосылып, қолдан келген қатыгездікті түрін істейді. Алдымен актрисаның осыған дейін жасалған келісімшарттары бұзылды. Тіпті Netflix актрисаның ойнаған сериалындағы сахналарды алып тастады. Желідегі шабуыл, БАҚ бетіндегі айыптауларды айтпай ақ қояйық.

2009 жылы үлкен киноға қадам жасаған Сэ-Рон аз уақыт ішінде 25 кинолентаға түскен. Елдің сүйіктісіне айналды. Бірақ бір ғана қателік оны жарға жықты. Өнерде жолы болмаған актриса аты-жөнін ауыстырып, бизнеске кетуді жоспарлайды. Бірақ БАҚ өкілдері оны да біліп қойып, ізінен түседі. Ақыры Сэ-Рон осыдан бір ай бұрын көз жұмды. Бұндай жағдай бізге де таңсық емес. Психикалық денсаулық мәселелері мен әлеуметтік жағдайдың қиындығына байланысты өзіне қол салып жатқандар қаншама. Себеп - қоғамның жыртықшылық инстинктінде. Жаңылған, жаза басқан құрбанын іздеп тұрады. Абай айтқандай: «Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр қой, бірін-бірі құртпай, құрмай тыныш таба ма?»



Оңтүстік Кореяда Солли (Sulli) лақап есімімен танымал К-рор жұлдызы өз үйінде өлі күйінде табылды. Әнші 25 жаста болған еді.



Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі The Associated Press басылымына сілтеме жасап хабарлайды.

Полиция мәліметінше, оңтүстік корейлік F(x) тобының бұрынғы қатысушысының мәйіті дүйсенбі күні табылған. Оның денесінде күштеп өлтіру белгілері жоқ. Сонымен қатар өлер алдында хат жазып қалдырмаған.

Japan times басылымы хабарлағандай, әншінің менеджері оның жағдайына алаңдап, бірінші болып дабыл қағыпты. Оған Соллидің өзімен байланысқа шықпағаны себеп болған.

Әр түрлі БАҚ мәліметтеріне қарағанда, әнші өзіне қол жұмсады деген нұсқа өлімінің негізгі нұсқасы ретінде қаралуда.

Полициядағылардың сөзінше, 25 жастағы әнші күйзеліске түскен. Instagram-дағы парақшасында 6,4 миллион оқырманы бар Соллиге желі қолданушылары оның мінез-құлқы туралы көптеген жағымсыз пікір жазған.

Солли әлем бойынша К-рор жанрына жұрт назарын аударған алғашқы әншілердің бірі болды. Ол 2009 жылы F(x) тобының құрамында өнер көрсетті. Ал 2015 жылы топтан кетіп, дербес әнші ретінде танылмақ болған-ды.

Ғаламтордағы агрессияның пайда болуының тағы бір себебі, ол әлеуметтік модельдеу.


Әлеуметтік желілерде оны аса көп байқамаймыз, сонда да оны ғалымдар дәлелдеп, ғаламторда бар екендігін түсіндіреді. Әлеуметтік модельдеу көбінесе, әлеуметтік ортада қолданылған әлдебір адамның мінезін қайталау, әрекетін көшіріп алып, сол образға ену. Мысалы егер тұтынушы ғаламтордағы мақалаға жазылған негативті пікірлерді оқыса, ол да сондай типтегі негативті образға еніп, модельдеу процесіне көшеді. Нақтырақ айтқанда, егер Youtube сайтындағы бейнероликте немесе мақаланың астында 10-ға жуық пікірлер агрессивті сипатта болса, онда 11-ші адам да өз пікірін агрессивті түрде қалдыру мүмкіндігінің үлесі тым жоғары. Себебі, адамзат баласы өзіне өзгелердің агрессиясын ұшыратпау мақсатында елден ерекшеленбей, өзгелердің ойымен санасуға келіседі.

«Троллинг» бұл ғылыми салада құрылмағанымен, әлеуметтік желі тұтынушылары арасында қалыптасқан термин. «Троллинг» - агрессия көрсету, жәбірлеу, сөгу немесе тіл тигізу арқылы көрініс табатын желілік яки ғаламтордағы қатынас этикасының бұзылуымен ерекшеленетін виртуалды байланыс түрі [4]. Бұл терминнің қалыптасуындағы өзгеше көзқарас славян-германдық мифологиясында «троллинг» сөзі – қатыгез, ұсқынсыз, қоғамға жаманшылық тілейтін жаратылыстар деп түсіндірілген[5].

И.В Ксенофантованың ойы бойынша, «троллинг» - адамдарды қорлап, олардың арасында шиеленіс тудыру мақсатында жазылатын мәтін делінген [6]. Бұл оймен келіспеуге болмас, себебі «троллинг» жасаушылар («тролльдер») форум, чат, блог, жаңалықтар порталы немесе әлеуметтік желілерде арандатушылық пікірлер арқылы шиелініс тудырта отырып, өзіне көңіл аудартуды мақсат етеді.

«Тролльдің» бірнеше түрі бар: тролль-комментатор кез келген пікірталасқа қатысуға дайын тұрады, тіпті талқыланып жатқан тақырыпқа тікелей қатысы болмаса да сөйлеп қалады. Өз көзқарасын дәлелдеу және ілгерілету барысында тролль-комментатор жалған ғылыми фактілерді, басқа көзқарастарды қорлауды, өз эрудициясын және басқа да күмәнді әдістерді қолданады. Дәлелдеудің ең сенімді тәсілдерінің бірі – «керісінше дәлелдеу», ол көбінесе «не болыпты?» деген сөз тіркесін пайдаланады.

Тролль-арандатушы (провокактор) өз мақсаты үшін қоғамда жағымсыз атмосфера қалыптастырғысы келеді, сол үшін кез-келген нәрсеге қатысты ашық агрессия көрсетеді.



Кеңесші тролль барлығына «пайда тигізуге» тырысады, бірақ оның пікірлері көбінесе пайдасыз әрі тым айқын болады. Троллинктің құрбаны белгілі бір кезеңде мұны түсініп, жауап ретінде агрессия көрсетеді, осылайша тролльдің мақсатына жетуіне көмектеседі. Кез келген түрдегі «тролльдермен» қарым-қатынас жасағанда, олардың басты мақсаты – қарсыласынан агрессияны көру екенін есте сақтау қажет. Сондықтан қандай да бір ашу-ыза немесе қатал жауап олар үшін көздеген мақсаты саналады. Мұндай жағдайда ең дұрыс болатын әрекет – тролльді мүлдем елемеу және қандай да бір қарым-қатынастан бас тарту. Агрессия агрессияны тудырады, ал керісінше, вербалды қарым-қатынас ережелерін сақтау және оның қатысушыларына құрметпен қарау сәтті қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Пікірлерде өзіңіздің теріс көзқарасыңызды білдіру (тіпті ол негізделген болса да) туралы айтқанда, бір нәрсені есте сақтау қажет – егер сіз осыны адамның көзіне тіке айтуға дайын болсаңыз, онда жазыңыз және сынаңыз. Егер дайын болмасаңыз, анонимді пікірлерде айтылған сыныңыздың құндылығы жайлы ойланған жөн. Алайда, әдетте, анонимді комментаторлар тасадан оқ атуға құмар, шынайы өмірде бетпе-бет кездесуден қашқақтайды. [3]. Бұл ойдан байқалатыны, тролльдердің түрлері мен адамға жағымсыз әсер ету тәсілдері көп екендігін дәлелдей түскендей.

Әлеуметтік желілерде «троллинг» жасаушылардың қандай да болсын түрімен қатынас орнатқан сәтте агрессивті мінез танытпауға тырысу қажет. Себебі, олардың мақсатының өзі адамды агрессияға ұшырату. Оларға қарсы жалғыз дұрыс реакция – жауап қайтармау (игнорирование).

Тілдік агрессия адамның психологиясына тікелей қатысты болғандықтан, оның ғаламторда пайда болу себептері де психологиялық түрде [7] түсіндіріледі:

- Жеке бас проблемасы (өмірлік серігінің болмауы, жалғыздық сезімі);
- Алкогольді сусындар мен есірткі заттарын шектен тыс қабылдау, жүйке жүйесінің әрекет ету қызметіне кедергі жасап, психикасын бұзып, агрессивті мінезге әкеліп соғады;
- Балалық шағынан қалыптасқан психикалық ақаулар (невроз, ата-анасымен жаман қарым-қатынаста болу әсерінен);
- Баланы қатал түрде тәрбиелеу келешекте оның өзге адамдарға агрессивті қатынасты ұстану мүмкіндігін жоғарылатады;
- Ғаламтордағы агрессивті ойындарды ойнау, триллер көру;
- Жүйкесінің тозуы, демалыс уақытының тым аз болуы.

Агрессияның пайда болуының басты себептері осындай. «Біз үшін ең қауіптісі – жастардың элеуметтік агрессияға көбінесе бейтарап, кейде тіпті оң көзқараспен қарауы. Мұның бәрі олар үшін тек күлуге себеп қана. Әдепсіз сөздер қолданып, қорлау мен кемсіту арқылы өз пікірін білдіре отырып, олар мұны сөз бостандығын ұстану деп ойлайды. Алайда, олар ең жоғары құндылық – әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара құрмет пен достық қарым-қатынас екенін ұмытып кетеді» [8]. *Яғни осы мәселенің қаншалықты қауіпті және оны шешу әр азаматтың міндеті екендігін бәріміз жан-жүрегімізбен түсінуіміз абзал.*

Бұл шығатын қорытынды: анонимдік коммуникация, адам эмоциясына ауыр әсер ететін балағаттау мен келемеждеу, жеке басты мұқату, өлімге әдейі арандату, адамдар арасындағы өршіген пікірталас зардаптары орны толмас қайғыға әкеледі. Бұған мемлекет, қоғам араласу қажет, сонымен қатар ғаламтор желісін пайдаланушылар үшін жеке бас қауіпсіздігі сақталып қана қоймай, адамдық құрмет пен мәдениет деңгейі де назарда болғаны жөн. Тек сондай жағдайда ғана жастар мен балаларды болашақтың кепілі ретінде бағалауға болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Щербина Ю.В «Вербальная агрессия» - М.: КомКнига, 2006. - 360 б.
2. Ибраева Ж.Қ. Психоллингвистика негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 125 б.
3. Анастасия Смольская, Макс Мирончик: Речевая агрессия в интернете или как послать, чтобы не вернулся? 2014 // <https://habr.com/ru/post/363275/>
4. Рикер П. «Герменевтика и психоанализ; Религия и вера» -М.:Искусство,1996.-270б.
5. <http://cyberleninka.ru/>
6. <http://www.pewresearch.org/>
7. <http://m.geektimes.ru/post/241762/>
8. <https://ru.wikipedia.org/>

ӘОЖ 82.09:81'373.612.2

### **ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ МЕТАФОРА**

**Сәбитқызы Бекзада**

[bekzadasabitkyzy1@gmail.com](mailto:bekzadasabitkyzy1@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова